Бекітемін
ЖШС «Балеркем» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
Б.Байболатова

Ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

2026-2027 оқу жылы

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақша мекемесінде ата-анамен атқарылатын жұмыс жоспары

2026-2027 оқу жылы

	Ата-аналардың жалпы жиналысы		
1	**Ата-аналардың №1-жалпы жиналысы.** **Тақырыбы:** «МДҰ алдағы оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру қызметі мен жұмысының негізгі бағыттары». Күн тәртібі: 1. Тақырып бойынша жария баяндама: «МДҰ-ның 2026 - 2027 оқу жылындағы жұмысының қорытындылары». 2. МДҰ ата-аналармен 2026 - 2027оқу жылына арналған жұмысының перспективалық жоспарын әзірлеу. 3.Әртүрлі.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2.	**Ата-аналардың №2-жалпы жиналысы** **Тақырыбы:** «Отбасы мен МДҰ – баланы тәрбиелеу мен дамытудағы серіктестер: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының кешенді жоспарының құндылықтарын бірге іске асырамыз». Күн тәртібі: 1.Ата-аналардың ерікті қызметі: мерекелерді, акцияларды, экскурсияларды ұйымдастыруға көмектесу және конкурстар мен жобаларға қатысу. 3. Әртүрлі.	Қаңтар	Меңгеруші, әдіскер
3	**Ата-аналардың №3-жалпы жиналысы.** **Тақырыбы:** «МДҰ өткен оқу жылындағы жұмысының	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мейірбике

	қорытындысы, жазғы сауықтыру кезеңінде жұмысты ұйымдастыру». Күн тәртібі: 1.2026 - 2027оқу жылындағы тәрбиеленушілердің даму нәтижелері мен жетістіктері (әрбір жас тобында). 2.Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары. 3. Әртүрлі.		
Топтардағы ата-аналар жиналысы			
1	**№1-жиналыс** (кіріспе). Күн тәртібі: 1. «Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау». 2. Ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның 2026 - 2027оқу жылына арналған жылдық жоспарымен таныстыру. 3. Ата-аналар комитетін таңдау. 4. Әртүрлі.	Қыркүйек	Тәрбиешілер
2	**№2-жиналыс.** Күн тәртібі: 1.«МДҰ балалардың бейімделу кезеңі». 2. Мектепке дейінгі ұйымда буллингтің алдын алу. 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың аралық мониторингінің қорытындылары. 4. Баланың қауіпсіздігі отбасында басталады: МДҰ мен ата-аналарға бірыңғай талаптар. 5.Әртүрлі.	Желтоқсан	Тәрбиешілер
3	**№3-жиналыс.**	Ақпан	Тәрбиешілер

	Күн тәртібі: 1. «Отбасымен өзара әрекеттесу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың бойында саламатты өмір салты құндылықтарын тәрбиелеу». 2. «Балалар жарақатының дағдылы жағдайлары, оның алдын алу шаралары». 3. Баланың даму картасы қалай жасалады? БДК туралы ақпарат беру. 4. Әртүрлі.		
4	**№4-жиналыс.** Күн тәртібі: 1. «Балаларды мектепте оқуға дайындау». 2. Ата-аналарға тәрбиеленушілерді зиянды ақпарат таратудан қорғау мәселелері бойынша консультация беру. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғаудың құқықтық және педагогикалық аспектілері». 3. «Мектепалды топ балаларының бағдарламаны меңгеру нәтижелері». 4. Әртүрлі.	Мамыр	Тәрбиешілер

ЖШС «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін: 09. 09.

ЖСШ «Балеркем» б\б

Меңгеруші: Байболатова Б.

ХАТТАМА

ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫ

ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

№ 1

Білім беру ұйымы: «Балеркем» бөбекжай балабақшасы

Күні: «09» 09. 2026 жыл

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, тәрбиешілер және ата-аналар.

Қатысқан ата-аналар саны: 80

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәрбиешілермен таныстыру.
2. Баяндама. Оқитын Бегай Аружан

Тақырыбы: Баланың тәрбиесі ортақ міндет.

3. Баяндама оқитын медбике Исақова Камила

Тақырыбы: Балаларға ЖРВИ мен тұмау.

4. Әр түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ: Жиналысты балабақша меңгерушісі Байболатова Бағила апай ашып, ата-аналарға балабақшаның оқу-тәрбие жұмысы, балалардың күн тәртібі, қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағыттары туралы ақпарат берді.

1. Әр топтың тәрбиешілерін таныстырып өтті.

Еркетай тобы: Байболатова Гүлжан апай

Балбөбек тобы: Жусипалиева Жадыра апай

Балапан тобы: Бегай Аружан

Балдәурен тобы: Махмудова Ирода

Бәйтерек тобы: Тулегенова Феруза, Манатбек Мереке

Қарлығаш тобы: Мұратова Гауһар, Базарова Гүлайым апай

Ата-аналармен ойын: «Көзбен дәлдеу»

2. Мәселе. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер ең алдымен отбасында қалыптасады. Ата- ананың әр- бір сөзі, әс- әрекеті , балаға деген қарым- қатынасы оның мінез –құлқына тікелей әсер етеді. Сондықтан балаға мейірімділік танытып, оны тыңдай білу, қолдау көрсету және дұрыс бағыт –ата-ананың басты міндеттерінің бірі екенін айтылды.

Ата-аналармен ойын: «Кім жылдам»

3. Мәселе. ЖРВИ-жедел респираторлы вирусты инфекция. Өте кең тараған, тыныс жолдарының зақымдануы және интоксикациясымен көрінетін, антропонозды, ауалы- тамшылы жолмен берілетінін, жедел респираторлы вирусты инфекция болып табылатынын айтты. Бұл тұмаудың пайда болуын, қандай белгісі барын, тұмауды алдын алуын мед бике атап өтті.

Ата-аналармен сұрақ жауап

4. Мәселе

СӨЙЛЕДІ: Ата-аналар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, балалардың тәрбиесі, қауіпсіздігі және балабақшадағы іс-шараларға қатысуы жөнінде сұрақтар қойды. Қойылған сұрақтарға балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілер жауап берді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 1. Тәрбиешілермен танысты, ата-ана мен тәрбиеші арасында тұрақты байланыс орнату.

2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына ата-аналар тарапынан жауапкершілікпен қарау. Балабақша ұйымдастыратын мерекелік, тәрбиелік және қоғамдық іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

3. Балада айтылған белгілер болған жағдайда жедел түрде дәрігерге көрінетіндерін айтты. Жәнеде алдын алуын, тұмауға қарсы екпе алатындарын мақұлдады.

4. мәселелер. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтамыз. Ата-аналар өз ұсыныстары мен пікірлерін білдіріп, балалардың тәрбиесі, қауіпсіздігі және балабақшадағы іс-шараларға қатысуы жөнінде сұрақтар қойды. Қойылған сұрақтарға балабақша әкімшілігі мен тәрбиешілер жауап берді.

Жиналыс төрағасы: Хонибекова Фотима

Хатшы: Оқшы Айдана

Балабақша меңгерушісі: Байболатова Бағила апай




САЛАУАТТЫ ҮРПАҚ
ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ
САНАМАҚ


СІЗДЕ!






Ата-аналар
жиналысы